LG
Life's Good

ҚАЗАҚ

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Тоңазытқыштың мұздатқыш бөлімі

Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

www.lg.com

Тіркеу

Моделі мен сериялық номері қондырғының артқы жағында көрсетілген. Бұл номер тек қана осы қондырғыға берілген. Бұл жерге қажетті мәліметтерді жазып, осы нұсқаулықты сатып алғаныңыздың тұрақты дәлелі ретінде сақтаңыз.Түбіртекті осы жерге бекітіп қойыңыз.

Сатып алу күні : _____

Делдал кімнен сатып алды : _____

Делдалдың мекенжайы : _____

Делдалдың телефон № : _____

Модель № : _____

Сериялық № : _____

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар — 4
Бөлшектердің сипаттамасы — 10

Орнату

Орнату — 11
Іске қосу — 11

Пайдалану

Температура регуляторы — 12
Hygiene Fresh (Гигиеналық балғындық) — 13
Жылдам мұздатқыш — 13
Eco Friendly — 14
Өз-өзін тексеру — 14
Есік сигнализациясы — 14
Бұғаттау — 14
Қосу/Ажырату — 14
Мұз жасау — 15
Еріту — 15
Су диспенсері (қосымша) — 15
Мұздатқыш бөлімі — 16
Сырғымалы сөре (қосымша) — 16
Тартпалы науа (қосымша) — 17
Шамды ауыстыру — 18

Азық сақтау жөніндегі нұсқаулар

Азық сақтау — 19
Энергияны үнемдеудің ақыл-кеңесі — 19

Күту және техникалық қызмет көрсету

Жалпы мәліметтер — 20
Тазарту — 21
Smart Diagnosis™ — 22
Ақауларды анықтау — 23
Є нормальним... — 25

ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

⚠ Қондырғы қаптамасындағы немесе құрамдас құрылмадағы желдету тесіктердің бітеліп қалмауын қадағалаңыз.
⚠ Ерітуді тездету үшін өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық саймандар мен құралдарды пайдаланбаңыз.
⚠ Суытқыш желісіне зақым келтірмеңіз.
⚠ Егер түрі өндіруші ұсынғандай болмаса, азық сақтау камераларында электроаспаптарды пайдаланбаңыз.
⚠ Қондырғыда пайдаланытын суытқыш пен үрлеу газы арнайы жою әдістерді талап етеді. Жойғанда, қызмет көрсету агентімен немесе тәріздес біліктілігі бар адаммен ақылдасыңыз.



Бұл қондырғыда аз мөлшерде изобутин суытқышы (R600a) мен қоршаған ортамен үйлесімділігі жоғары, бірақ отқа қауіпті табиғи газ пайдаланылады. Қондырғыны тасымалдап орнатқанда, суыту желісінің еш бөлшектері зақымдалмағанына назар аудару қажет. Суытқыш түтіктерден шашырағанда өртенуі мүмкін немесе көзді зақымдауы мүмкін. Тесік табылғанда, қандай-да болса ашық от немесе ықтимал жану көздерінен сақ болып, қондырғы тұрған бөлмені бірнеше минуттай желдетіп алыңыз.
Суытқыш желісінде тесік пайда болғанда отқа қауіпті газ-ауа қоспасының пайда болуына жол бермеу үшін қондырғы мүмкін орнатылатын бөлме ауданы пайдаланылатын суытқыш мөлшеріне байланысты. Бөлменің ауданы қондырғының ішіндегі R600a суытқыштың әр 8 грамына 1 шаршы метрдей келетіндей болуы тиіс. Сіздің жеке қондырғыңыздағы суытқыштың мөлшері қондырғы ішіндегі кестеде көрсетілген. Ақаудың кез келген белгілері бар қондырғыны ешқашан іске қоспаңыз. Күмәніңіз болса, делдалыңызбен ақылдасыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Егер қабырғадағы қуат көзі босап турса, қуат шанышқысын тықпаңыз.**
  Электрлік соққыға немесе өртке әкелуі мүмкін.
- **Тоңазытқышыңызды ешқашан қуат сымын жұлып алып қуат көзінен ажыратпаңыз. Әрқашанда шанышқыны қатты ұстап, қуат көзінен тік суырып алыңыз.**
  Сіз сымды үзіп алып, қысқа тұйықталу пайда болуы мүмкін.
- **Қуат шанышқысын тазалағанда, су немесе ылғал шүберекті пайдаланбаңыз. Қуат шанышқысының істіктерінен қандай-да болсын бөгде заттарды алып тастаңыз.**
  Өйтпесеңіз өрт шығуы мүмкін.
- **Қондырғыны қуаттан ажыратқан соң оны қайта қуат көзіне қосу алдында, кем дегенде, бес минуттай күтіңіз.**
  Мұздатқыштың дұрыс істемеуі айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.
- **Егер қондырғы ұзақ уақыт бойы қажет болмаса, қуат шанышқысын суырып алыңыз.**
  Тұмшалануының қандай-да болсын нашарлауы өрттің себебі болуы мүмкін.
- **Қондырғының алдындағы басқару тақтайына балаларды жолатпаңыз немесе онымен ойнауға жол бермеңіз.**
- **Екі камералы тоңазытқаштағы суытқыш пен тұмшалау материалдағы газ арнайы жою әдістерді талап етеді. Жою алдында, қондырғының артындағы қандай-да болсын түтіктердің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.**

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Ыдыс жуғышты төменгі тартпаларды тазарту үшін пайдаланбаңыз, жоғарғы температура жәшіктерді зақым келтіріп, жарамсыз етуі мүмкін.

ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Осы нұсқаулықта қауіпсіздік туралы көптеген маңызды ескертулер бар. Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығын оқып, оларды әрдайым орындаңыз.

⚠ Қауіп туралы ескертетін таңба. Ол сіздің не басқалардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін, не болмаса мүлікке зиян келтіретін жағдайлардан сізді хабардар етеді. Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығының алдында ескертуші таңба мен қауіп туралы белгі беретін "ҚАУІПТІ", "ЕСКЕРТУ" немесе "АБАЙЛАҢЫЗ" деген сөздер келеді. Бұл сөздер мыналарды білдіреді:

⚠ ҚАУІПТІ Нұсқауларды орындамаған жағдайда өміріңізге не денсаулығыңызға қауіп төнуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ Нұсқауларды орындамаған жағдайда өміріңізге не денсаулығыңызға қауіп төнуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ Тиісті шара қолданылмаған жағдайда кішігірім немесе орташа жарақатқа, не болмаса мүліктің бүлінуіне әкеп соқтыратын қауіпті жағдайдың туындау мүмкіндігін көрсетеді.

Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығында қауіп-қатер түрі анықталып, жарақаттану мүмкіндігін азайту жолдары мен осы нұсқаулардың орындалмауының ықтимал салдары көрсетіледі.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Бұйымды пайдалану кезінде өрт шығу, ток соғу немесе кісілердің жарақаттану мүмкіндігін азайту үшін, келесілерді қоса алғанда, негізгі қауіпсіздік шараларын қолданған жөн. Осы құрылғыны пайдаланар алдында нұсқауларды толық оқып шығыңыз.

1. Қуат көзі қосылған кезде


Арнаулы қуат көзі пайдаланылуға тиіс.

- Бір қуат көзіне бірнеше құрылғыны жалғап пайдалану өрт шығуына себепші болуы мүмкін.
- Электр кемуін тоқтатқыш құрылғы тамақты бүлдіріп, ыдыстың ішіндегісі ағып кетуі мүмкін.



Қуат ашасының жоғары қарап қалуына немесе тоңазытқыштың артқы жағында жаншылып қалуына жол бермеңіз.

Бұйымның ішіне су кіріп немесе қуат ашасы зақымданып, өрт шығуына не ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Орнату кезінде қуат ашасы суырылғаннан кейін тоңазытқышты ішке қарай жылжытқан кезде қуат сымының қысылып немесе жаншылып қалуына жол бермеңіз.

Бұл өрт шығуына немесе электр тогы соғуына себеп болады.
Қондырғыны қабырғадан алыстатқанда қуат сымын басып кетпеңіз немесе оны зақымдаңыз.

Қуат сымының иілуіне немесе оны ауыр заттың басып қалуына жол бермеңіз.

Бұл қуат сымы зақымданып, өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Қуат сымын ұзартушы немесе ұзындығын өзгертуші болмаңыз.

Мұның салдарынан қуат сымы немесе басқалар электрмен зақымданып, өрт шығуы не ток соғуы мүмкін.




Тоңазытқыштың ішкі шамын тазалау, ұстау немесе ауыстыру кезінде қуат көзін ажыратыңыз.

- Сізді ток соғуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішкі шамын ауыстырған кезде, ұяның ішіндегі электр ұшқынының алдын алатын резеңке шеңбердің шығарылмағанына көз жеткізіңіз.




ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

Қуат сымын немесе ашасын сулы қолмен ұстаушы болмаңыз.
Бұл ток соғуына немесе жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.



Қуат ашасындағы су мен шаңды сүртіп, істікшелердің ұштарын мықтап сұғыңыз.
Шаң, су немесе орнықсыз қосылыс өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Қуат көзінен ажыратқанда, сымнан емес, ашадан ұстап суырыңыз.
Бұл ток соғуына немесе қысқаша тұйықталып, өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Құрылғының жерге қосылуын қамтамасыз етіңіз.
Егер жерге қосу нұсқамаларды толық түсінбесеңіз немесе қондырғының дұрыс жерге қосылғанына күмәніңіз болса, білікті электрикпен немесе техникпен ақылдасыңыз.
Жерге дұрыс қоспау құрылғының бұзылуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Қуат көзіне қосу үшін тек жерге қосылған дұрыс кернеулі ашалы розетканы ғана пайдаланыңыз.
Бұл өрт шығуына себеп болады.



Қуат сымы немесе қуат ашасы зақымданған немесе қуат көзінің саңылаулары кеңейіп кеткен жағдайда оларды пайдаланбаңыз.
Бұл ток соғуына немесе қысқаша тұйықталып, өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Қуат көзіне қайтадан қосқан кезде 5 минут немесе одан да ұзағырақ күте тұрыңыз.
Бұл мұздатқыш жұмысының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.



2. Тоңазытқышты пайдалану кезінде


Ауыр бұйымдарды немесе қауіпті заттарды (сұйықтығы бар ыдыс) тоңазытқышқа салмаңыз.
Есік ашылған немесе жабылған кезде ол құлап, өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Есікке не оның сөрелеріне немесе суыты бөліміне сүйенбеңіз.
Бұл тоңазытқыштың құлауына немесе қолыңыздың жарақаттануына әкеп соқтыруы мүмкін. Әсіресе, балалардың мұны істеуіне жол бермеңіз.



Балалардың құрылғының ішіне кіруіне жол бермеңіз.
Егер бала тоңазытқыштың ішіне кіріп кетсе, баланың өміріне қатер төнуі мүмкін.




Тоңазытқыштың есігін тым қатты ашып-жабу тоңазытқыш сөресінде сақталған тағамның құлап кетіп, бүлінуіне әкелуі мүмкін, сондықтан абай болыңыз.

Тоңазытқышты ылғалды жерге немесе су не жауын-шашын шашырайтын жерге орнатпаңыз.
Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы токтың сыртқа шығуына себепші болуы мүмкін.



ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

Тоңазытқыштың жанында немесе ішінде эфир, бензол, спирт, дәрі-дәрмектер, тұрмыстық газ, аэрозоль немесе косметикалық заттарды сақтамаңыз.
Бұл жарылысқа немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштың ішіне ондағы иісті кетіру үшін жағылған шырақ қоймаңыз.
Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін фен қолданбаңыз және иісін кетіру үшін майшам жақпаңыз.
Бұл жарылысқа немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштың ішіне дәрі-дәрмектер немесе оқу құралдарын сақтамаңыз.
Температуралық режимі қатаң ұсталуы тиіс материал сақталған кезде, ол бүлініп немесе күтілмеген реакция беріп, қандай да бір қауіп-қатер тудыруы мүмкін.



Тоңазытқыштың жанында жанғыш аэрозоль қолданбаңыз.
Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




Қыздырғыш құрылғыларды пайдаланудан аулақ болыңыз. Жанғыш газ шығатын жерлер сияқты от көздерінен алыс жерлерге орнатыңыз.
Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




Тоңазытқыштың үстіне гүл вазасы, кесе, косметика, дәрі-дәрмек немесе қандай да бір су толтырылған ыдыс қоймаңыз.
Бұл өрт шығуына, ток соғуына немесе құлап кетіп жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.



Күн күркіреп, найзағай жарқылдаған кезде немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат ашасын ағытып қойыңыз.
Электр тогы соғуы немесе өрт шығу қатері бар.




Су астында қалған тоңазытқышты ол тексеріліп болғаннан кейін пайдаланыңыз.
Бұл ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Газ сыртқа шыққанда, тоңазытқышқа немесе қуат көзіне тимей, бөлмені дереу желдетіңіз.


- Ұшқыннан пайда болған жарылыс өрт шығуына себепші болуы мүмкін.
- Осы тоңазытқышта қоршаған ортаға зиянсыз суытқыш ретінде пайдаланылатын табиғи газдың (изобутан, R600a) тіпті кішкене мөлшерінің (80-90 г) өзі жанғыш болып келеді. Тоңазытқышты тасымалдау, орнату немесе пайдалану кезінде қатты зақымдану нәтижесінде газ сыртқа шығып кеткен жағдайда кез келген ұшқыннан өрт шығуы мүмкін.



Тоңазытқыштың ішіне немесе сыртына су шашпаңыз немесе оны бензолмен не сұйылтқышпен тазаламаңыз.
Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштан қандай да бір әдеттен тыс иіс немесе түтін сезілген жағдайда оны дереу қуат көзінен ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

Тоңазытқышты білікті маманнан басқа қандай да бір кісілердің бөлшектеуіне, жөндеуіне немесе түрін өзгертуіне жол бермеңіз.
Бұл жарақаттануға, ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Тоңазытқышты тұрмыстықтан басқа мақсаттарда (дәрі-дәрмектер сақтау немесе материалдарды сынау, кемеде пайдалану және т.б.) пайдаланбаңыз.
Бұл өрт шығуы, ток соғуы, сақталатын материалдың бүлінуі немесе химиялық реакция сияқты күтілмеген қауіп-қатер тудыруы мүмкін.



Тоңазытқышты тастаған кезде, есіктегі орауыш заттарды алып тастаңыз.
Бұл балалардың қамалып қалуына себепші болуы мүмкін.




8 жастан үлкен балалар және дене, сезу не ақыл қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен біліктілігі аз адамдар бұл құралды біреудің бақылауында қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқауларды алған және ықтимал қауіптерді түсінген жағдайда ғана оны пайдалана алады.


Балаларға құралмен ойнауға рұқсат етпеңіз.

Балаларға тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын бақылаусыз орындауға рұқсат етпеңіз.

Тоңазытқышты берік әрі тегіс бетті еденге орнатыңыз.
Оны орнықсыз жерге орнатқан жағдайда есікті ашқан кезде тоңазытқыштың құлап, өмірге қауіп төндіруі мүмкін.



Салқын ауа шығатын жерге, қақпаққа, тоңазытқыштың астына, арт жақтағы қызуға төзімді шарбаққа (шығу тесігі) қолыңызды немесе металл зат салмаңыз.
Бұл ток соғуына немесе жарақатқа әкеп соқтыруы мүмкін.



⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқауды орындамау жарақаттануға немесе үйдің не жиһаздың бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Мұздатқыштағы азық-түлікке сулы қолмен тимеңіз.
Қолыңыз үсіп қалуы мүмкін.



Тоңазытқыштың ішіне тағамды қалай болса солай ретсіз салмаңыз.
Тоңазытқыш есігін ашып-жапқан кезде тағам құлап кетіп, адамдарды жарақаттауы мүмкін.

Мұздатқышқа бөтелке қоймаңыз.
Бөтелкедегі сұйықтық қатуы және бөтелке сынып, бір жеріңізді жарақаттауы мүмкін.




Тоңазытқыштың астына қолыңызды сұқпаңыз.
Астыңғы жақтағы темір табақта қолыңызды жарақаттауы мүмкін.




ҚТ жөніндегі маңызды нұсқаулар

Тоңазытқышты тасымалдаған кезде алдыңғы жақтағы астыңғы тұтқа мен артқы жақтағы үстіңгі тұтқадан ұстап көтеріңіз.
Әйтпесе, қолыңыз тайып кетіп, жарақаттануыңыз мүмкін. Құрылғы ауыр болғандықтан, оны жалғыз адам көтерсе, адамды жарақаттауы немесе жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.



Тоңазытқыштың мұздатқыш бөлімінің есігін ашу айналадағы адамдарға зиян келтіру қауіпі бар болғандықтан, абай болыңыз.
Есік ашылған немесе жабылған кезде есіктің бұрышындағы ашық жерге қол немесе аяқ қыстырылып қалуы мүмкін.



Тоңазытқышқа қандай да бір жануарларды кіргізбеңіз.



Сақтық шаралары

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Пайдалану алдында бұл тоңазытқыш-мұздатқышты орнату нұсқаулықтарға сәйкес тиісті түрде орнатып, орналастыру керек.**
- **Екі камералы тоңазытқышыңызды ешқашан оның қуат сымын жұлып алып қуат көзінен ажыратпаңыз.** Әрқашанда шанышқыны қатты ұстап, қуат көзінен тік суырып алыңыз.
- **Тоңазытқышыңыз істеп тұрғанда, әсіресе су немесе ылғал қолыңызбен, мұздатқыш камера ішіндегі суық беттерді ұстамаңыз.** Тері өте суық беттерге жабысып қалуы мүмкін.

Қуат көзінің ыңғайлы жерде орналасуы

Төтенше жағдайда тез ажырату үшін екі камералы тоңазытқыштың қуат көзі жетуге оңтайлы жерде орналасуы тиіс.

Қуат сымын ауыстыру

Қуат сымы зақымдалған жағдайда, қауіптің бетін алу үшін оны өндіруші немесе оның қызмет көрсету агенті немесе тәріздес біліктілігі бар адам ауыстыруға тиіс.

Қауіп

Балалардың қамалып қалу қаупі.
Ескі тоңазытқышыңызды немесе мұздатқышыңызды шығарып тастар алдында, есіктерін ағытып тастаңыз. Балар ішіне оңай кіріп кетпеу үшін сөрелерін орнында қалдырыңыз.


Сақтауға жатпайтын заттар

Осы немесе кез келген басқа аспаптың жанында бензин немесе басқа да өртке қауіпті булар мен сұйықтықтарды сақтамаңыз немесе пайдаланбаңыз.

Жерге қосу

Қысқа тұйықталғанда, жерге қосу электроағымды апаттық сым арқылы өткізіп, электрлік соққы қаупін төмендетеді. Ықтимал электрлік соққының бетін алу үшін бұл құрылғы жерге қосылуы тиіс. Жерге қосатын түйіспені дұрыс қолданбау электрлік соққының себебі болуы мүмкін.

Бөлшектердің сипаттамасы



Ескертпе

Егер қондырғының кейбір бөлшектері жетіспесе, олар тек қана басқа модельдерде пайдаланылуы мүмкін. (Дәлірек айтқанда, "OPTI-Zone" барлық модельдерде бола бермейді.)

Орнату

1. Жақсы орын табыңыз.
   Екі камералы тоңазытқышты оңай пайдалатын жерге орнатыңыз.
2. Қондырғыны жылыту көздерінен, тікелей күн сәулесінен немесе ылғалдықтан аулақ орнатыңыз.
3. Тоңазытқыш-мұздатқыштың ішіндегі ауа дұрыс айналуын қамтамасыз ету үшін оның екі жағынан, сондай-ақ үстіңгі жағынан жеткілікті ашық жер және артқы жағынан қабырғаға дейін кемінде 2 дюйм (5 см) ашық жер қалдырыңыз.
4. Вибрацияны болдырмау үшін қондырғыны түзету керек.
   Қажет болса, еденнің қисықтығын түзету бұрамалар арқылы жоққа шығарыңыз.
   Есіктің жабылуын жеңілдету үшін алдыңғы жағы артқы жағынан сәл жоғары болу керек.
   Корпусын сәл көтеріңкіресе, түзету бұрамалар оңай бұралады.
   Қондырғыны жоғарлату үшін түзету бұрамаларды сағат жүрісіне қарсы ( ) бұраңыз, ал төмендеті үшін-сағат жүрісі бойымен ( ) бұраңыз.
5. Екі камералы тоңазытқышты мұқият тазартып, тасымалдау кезінде жиналған барлық шаң-тозаңды сүртіп тастаңыз.
6. Мұз текшелерін салатын қалта және тағы басқалар сияқты керек-жарақтарды өздерінің тиісті орындарына салыңыз.
   Тасымалдау кезінде ықтимал зақымдануды болдырмау үшін олардың бәрі бір орамаға салынады.
7. Қуат сымын (немесе шанышқыны) қуат көзіне қосыңыз. Бір қуат көзіне басқа қондырғыларды қоспаңыз.

Құрылғыны Қолдану Жолдары

Бұл құрылғыны тұрмыстық және соған ұқсас мақсаттарда қолданылады, соның ішінде

– қызметкерлерге арналған кеңселердегі және басқа жұмыс ортасындағы ас үй;
– қала сыртындағы үйлер және қонақ үйлердегі, шағын қонақ үйлердегі және басқа да тұрғын ғимараттардағы келермендер ұшін арналады;
– таңғы ас қамтылған қонақ үйлер төңірегі;
– жеткізу мен ұқсас жеке құрылғылар.

Іске қосу

Екі камералы тоңазытқыш орнатылып болғаннан кейін құнақы немесе мұздатылған азықты салар алдында, оны қалыпты жұмыс температурасында тұрақтандыру үшін 2-3 сағат беріңіз.
Егер қуат шанышқысы ажыратылып тұрса, қайта іске қосар алдында 5 минуттай күте тұрыңыз.
Енді екі камералы тоңазытқышыңыз іске дайын.

ЕСКЕРТПЕ

Мұздатқыштың компрессоры іске қосулы күйінде оның орнын ауыстырмаңыз.

Компрессорда уақытша гүрсіл шуы пайда болуы мүмкін.(Бұл дұрыс және компрессордың жұмысына кедергі келтірмейді. Мұздатқыш демалған соң, гүрсілтоқтайды.)
Картаның нұсқаулығы

Қлиматтық сынып

Құрылғы климаттық аймақтарға қарай қоршаған температураның шектелген ауқымында жмыс істеуге арналып жасалған.
Құрылғыны белгіленген шектен асатын температурада пайдалануға болмайды.
Сіздің құрылғыңыздың климаттық сыныбы тоңазытқыш камераның ішіндегі техникалық сипаттамасы бар затбелгіде көрсетілген.

Сыныбы	Белгіше	Қоршаған температура ауқымы °C
Кеңейтілген температура	SN	+10 ~ +32
Температура	N	+16 ~ +32
Субтропикалық	ST	+16 ~ +38
Тропикалық	T	+16 ~ +43


Температура регуляторы

Екі камералы тоңазытқышта тоңазытқыш және мұздатқыш камераларының температурасын орнатуға мүмкіндік беретін басқару құралдары бар.


Температура орнатуға арналған дисплей панелі

Температулар мен функцияларды баптау

< Сыртқы түрпат >



< Ішкі түрпат >




Ескертпе

13~14 беттегі түйменің толық сипаттамасын қараңыз

Тоңазытқыш және мұздатқыш камераларының температурасын орнату тәртібі

- Мұздатқыш және тоңазытқыш камераларының бастапқы темепературасы, тиісінше, -20°C және 3°C. Камералардың температурасын сіз өз қалауыңыз бойынша орната аласыз.

< Сыртқы тұрпат >



< Ішкі тұрпат >



Тоңазытқыш

Түймені басқанда, тоңазытқыштың температурасы ретті түрде

3℃→2℃→1℃→7℃→6℃→5℃→4℃→3℃ болады.

Мұздатқыш

Түймені басқанда, мұздатқыштың температурасы ретті түрде -20℃→-21℃→-22℃→-23℃→-15℃→-16℃→-17℃→-18℃→-19℃→-20℃ болады.

Ескертпе

Көрсетілген бастапқы температура тоңазытқыш ішіндегі нақты температура емес көзделген температура болғандықтан, нақты ішкі температура азықтың ахуалына байланысты.
Бастапқы кезеңде тоңазыту функциясы баяу істейді. Тоңазытқышты, кем дегенде, 2-3 күн істеткеннен кейін температураны жоғарыда көрсеткендей орнатыңыз.

Hygiene Fresh (Гигиеналық балғындық) (қосымша)

Қуат

Hygiene Fresh (Гигиеналық балғындық) функциясында үш режим бар, Автоматты (белгіше жанғандағы әдепкі режим), Қуат режимі (белгіше және «Қуат» сөзі жанғанда) және Өшірулі (белгіше жанбайды).Қуат режимін Hygiene Fresh (Гигиеналық балғындық) сенсорлық басқару элементін тиісті түрде басу арқылы қосуға болады

Автоматты > Қуат > Өшірулі > Автоматты

Қуат режимі 4 сағаттан кейін қайта Автоматты режимді жалғастырады.



ӨШІРУЛІ АВТОМАТТЫ ҚУАТ ӨШІРУЛІ

Жылдам мұздатқыш

- Жылдам мұздату қажет болса осы функцияны пайдаланыңыз.
- Азықты тез арада мұздатқыңыз келсе осы функцияны таңдайсыз. Express Frz. түймесін бір рет басыңыз, жылдам мұздату әрекеті басталады және оның шамы жанады.
- Жылдам мұздатқыш функциясы шамасумен 24 сағат істейді. Жұмысы аяқталған соң ол автоматты түрде алдыңғы температура ахуалына оралады. Жылдам мұздатқыш функциясының жұмысын тоқтатқыңыз келсе, Express Frz. пернесін тағы басыңыз, индикаторы өшіп, тез мұздату фнукциясының жұмысы тоқтайды, ал тоңазытқыш алдынғы температура ахуалына оралады.



ON OFF ON

Express Freeze (Жылдам мұздату) функциясы таңдалғанда, Express Freeze (Жылдам мұздату) индикаторы қосулы күйде қалады.

Eco Friendly

• Бұл функция мұздатқышты қуатты үнемдеу режиміне өткізеді және бұл режим ұзақ сапарға кеткеніңізде электр қуатын үнемді пайдаланатынымен тиімді.
"ECO FRIENDLY" пернесін бассаңыз, функция іске қосылады, ал қайта бассаңыз, істен шығарылады.



ON OFF ON

Ескертпе

Eco Friendly режимі "Қосу" параметріне орнатылғанда басқа түймелер істемейді. Сапардан келгеннен кейін және басқа түймелерді қайтадан қосу үшін Eco Friendly режимін өшіріңіз. Тоңазытқыш бұрыңғы орнатылған температура бапталымына сай істейді.

Өз-өзін тексеру

• Бұл функция тоңазытқышты пайдалану кезінде автоматты түрде ақауларды іздеп табады.
• Егер ақау өнімде табылып, бұйым кез келген пернені басқанда істемесе және ахуалының дұрыстығы көрсетілмесе, қуаттан ажыратпай дереу жергілікті қымет көрсету орталығымен байланысыңыз.
• Егер қуаттан ажыратылса, қызмет көрсету инженері үшін ақаулы бөлшекті іздеп табу көп уақыт алады.

Есік сигнализациясы

• Тоңазытқыштың есіктері 1 минуттан ұзақ уақыт ашық қалса, есік жабылмағанша сигнал әр 30 секунд сайын қайталанады.
Есікті жапқаннан кейін де сигнал жалғаса берсе, жергілікті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.
• Қосу/Өшіру дабылын өшіріп не қосып қоюға болады яғни ол үшін есік дабылы түймесін жылдам басыңыз.



On (Қосу) Off (Ажырату) On (Қосу)

Бұғаттау

Сұйы кристаллды индикаторы бар модель үшін

• Бұл пернені басқанда, басқа пернелер істемей қалады.
• LOCK пернесін басқан сайын Locking немесе Unlocking кезек-кезегімен шыға береді.
("Құлыптау" үшін "Құлыптау" түймесін 3 сек басыңыз.
"Ашу" үшін "Құлыптау" түймесін 3 сек басыңыз.)
• "ҚҰЛЫПТАУ" функциясы қосылғанда, барлық басқа түймелер жауап бермейді.
Құлыптау функциясы су диспенсерімен жабдықталған үлгілерде су құю жұмысын тоқтатпайды.



Unlock Lock Unlock

Қосу/Ажырату


• Осы түймені басқанда, тоңазытқыш қуаты ҚОСЫЛАДЫ немесе ӨШЕДІ.
ӨШІРУ режимінде құрылғы салқындатуды тоқтатады және есік ашық болғанда ішкі шамдар жанбайды.
• On/Off. Бұл түймені басу арқылы тоңазытқыш электр тоғынан ажырайды немесе қосылады.
• "Құлыптау" немесе "Ашу" құлыптау түймесін басқанда да қайталанады.
("ажырау" үшін On/Off. түймесін 3~7 сек басыңыз.
"Қосу" үшін On/Off. түймесін 1 сек басыңыз.)


Ескертпе

Бұл түйме электрлік желіні тоңазытқыштан ажыратпайды.

Мұз жасау

• Шалыс мұз жасағышты шығарыңыз, оны толтырып, өзінің бастапқы позициясына орналастырыңыз.






• Мұз дайындау камерасының мұз бөлу тұтқасын айналдырғанда мұз мұз сақтау жәшігіне түседі.



• Осы бөлімді сіз мұз жасау үшін не мұздатылған азықты сақтау үшін пайдалануыңыз мүмкін. (1) (Шалыс мұз жасағыш) суретте көрсетілгендей жою.




Ескертпе

- Мұз толық қатудан бұрын мұз бөлу тұтқасын айналдырғанда қалған су мұз сақтау жәшігіне ағып, мұз бірігіп кетуі мүмкін.
- Пайдалану үшін мұзды мұз сақтау жәшігінен алыңыз, бірақ суды қатыру үшін мұз сақтау жәшігіне су құймаңыз. Мұз сақтау ыдысы мұздап сынуы мүмкін.
- Мұз толған кезде мұз сақтау жәшігін шығарып алу мүмкін емес болса, мұз төменге құлайтындай етіп жобаланған. Мұз сақтағыштың толып кетпеуін қадағалаңыз.
- Мұзды алар кезде сырғымалы тоқтатқышты сындырып алмайтындай етіп, мұз сақтау ыдысын ақырын алыңыз.

Еріту


- Розморожування здійснюється автоматично.
- Тала вода стікає донизу, збираючись в спеціальному лотку, де і випаровується сама по собі.

Су диспенсері (Тапсырыс бойынша) (қосымша)



Су ыдысын толтыру

Су ыдысын шешіп алу жолы



- Құру бөлшектеудің қарама-қарсысы
- Клапанды қатты басып жіберменіз.
- Ну контейнерін есікке орнатқан кезде, мықтап орнатыңыз.

1. Су контейнерін шығарып алыңыз. Одан кейін қақпақ жапқышын ашыңыз.
2. 2,3 литрге дейін сумен толтыруға болады.
3. Тек ішуге жарамды сумен толтырыңыз. Судан басқа сұйықтықпен ешқашан толтырмаңыз. Су ыдысына ешқашан ыстық су құймаңыз.

Су ішу

1. Диспенсер тілін кесемен басыңыз.
2. Төсеме қаншалықты уақыт басылса, су соншалықты уақыт құйылатын болады.
3. Ағып кету мүмкіндігін барынша азайту үшін, диспенсер төсемесінен шынаяқты немесе стақанды ақырын алыңыз.
4. Байқаусызда төгіп алған жағдайда, диспенсер аймағындағы кез келген суды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Су ыдысын ішуге жарамды судан басқа сусындармен толтыру диспенсердің ақаулығына әкелуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


Тек ішуге жарамды сумен толтырыңыз.
Су ыдысын кез келген басқа сусындармен толтырмаңыз.
Оны тек ішуге жарамды сумен толтыру қажет.
Ешқашан ыстық немесе жылы сумен толтырмаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Су құю мәселелері орын алған жағдайда, су бөтелкесін қайта берік орнатыңыз.
Судың құйылуы кезінде диспенсер төсемесін қатты басу қажет.

Мұздатқыш бөлімі

Мұздатқышта көп мөлшерлі азық-түлік орналастырлыса:
1.мұздатқыш қоймасының үстіңгі жәшіктері - мұз жасауға арналған қойманы шығарып, азық түлікті желілі сөренің өзіне салыңыз;
2.мұздатқыш қоймаының ортаңғы жәшігін шығарып, азық-түлікті желілі сөренің өзіне салыңыз. Азық-түліктің барынша мол мөлшерін сақтауға мүмкіндік жасау үшін мұздатқыш қоймасы желілі сөрелермен қамтамасыз етілген. Қойма сондай-ақ ылғалды ет пен жартылай сұйық азық-түліктерді сақтауға арналған жәшікпен қамтамасыз етілген.



Максималды Мұздату Қуаты

Егер ішінде тамақ бар болса, мұздатқышты ең суық күйіне қойыңыз (-23°C) және тағамды мұздатқышка салу алдында максималды күйге жеткізу үшін, бірнеше сағат бұрын "Express frz„ батырмасын басыңыз.
Әдетте 7 сағат дұрыс болады.


Сырғымалы сөре (қосымша)

Анағұрлым биік контейнерлерді немесе өнімдердісөренің астына орналастыру қажет болса, сырғымалы сөрені ішке сырғытуға болады.

Ескертпе

Артқы жарты сөреден және алдыңғы сырғымалы сөреден барлық өнімдерді алыңыз.

1. Сырғымалы сөренің алдыңғы жағын сәл көтеріп, оны ішке қарай сырғытыңыз.
2. Алдыңғы жағы сөренің артқы бөлігіне сәйкес сырғуы үшін, артқы жарты сөре көтеріледі немесе алдыңғы сырғымалы сөренің оңай сырғуы үшін, оны артқықабырғаға қарай қолменкөтеруге болады.
3. Сырғымалы сөрені кеңейтілген күйге қайтару үшін, оны кері ретте тартып шығаруға болады.




⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сөрені реттеу кезінде сақ болу қажет, себебі дұрыс пайдаланылмаған жағдайда ол құлап кетуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жарты сөренің артқы бөлігін көтермеңіз және оны көтерілген күйде сақтамаңыз.Биік өнімдерді сөренің артқы бөлігінде сақтамау қажет.





Жарты сөренің артқы бөлігін алу әдісі.

Алдыңғы сырғымалы сөрені жарты сөренің артқы бөлігіне сәйкес сырғытыңыз.Содан кейін оны алу үшін, жарты сөренің артқы бөлігін көтеріңіз.

Ескертпе


Артқы жарты сөре мен алдыңғы сырғымалы сөренің үстіне заттарды қоймастан бұрын сөрелер орналастыру күйіне қауіпсіз қалпына келтірілгеніне көз жеткізіңіз.






Тартпалы науа (қосымша)


Тартпалы науаны өзіңізге жақын сырғыту арқылы оның артында сақталған өнімдерге оңай қол жеткізуге болады.



⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Науаны ішке сырғытқан кезде науаның төменгі жағын ұстамаңыз, себебі ол саусағыңызды қысып қалуы мүмкін.





Тартпалы науаны алу әдісі


Тартпалы науаны толығымен тартып, алдыңғы жағын көтеріңіз, содан кейін оны ақырын тартып шығарыңыз.

Ескертпе


Тартпалы науаны алудан бұрын тоңазытқыштың есігінен екінші ең төменгі себетті алыңыз.

Ескертпе

Науаны тартып шығару кезінде өнімдердің құламауы үшін абай болыңыз.Науаны алудан бұрын, алдымен оның ішіндегі барлық тағам өнімдерін алып қойыңыз.




Көкөніс салатын жәшікті ағытып алу



Төменгі себетті көтеріп, есіктен шешіп алыңыз.
Тартпаны тоқтағанша тартыңыз, одан кейін сәл көтеріп, оны шешіп алу үшін тартыңыз.

Көкөніс науасының қақпағын алу әдісі

- Науа тартпасы мен тартпалы науаның біркелкі жұмысы үшін T/V қақпағы берік бекітіледі. Бөлшектемеңіз.
  Жинау процедурасы бөлшектеу процедурасына кері ретпен орындалады.



- Алдымен тартпалы науа мен науа тартпасын бөлшектеңіз, содан кейін

1. Қолыңызды тоңазытқыштағы бос аралыққа салып, T/V қақпағын көтеріңіз.
2. Көтерілген кезде алдыңғы жағын тарту арқылы алыңыз.

Шамды ауыстыру

Ескертпе

Бұл өнім пайдаланушы тарапынан өзгертілмейтін жарық диодты шамдарды пайдаланады.
Жарық диодты шамға қызмет көрсету немесе ауыстыру үшін, өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

Азық сақтау

⚠ ЕСКЕРТУ

- Банан, қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын азықты сақтамаңыз.
- Сақтар алдында ыстық тағамдарды суытыңыз. Ыстық тағамдарды тоңазытқышқа қойсаңыз, басқа азық бұзылып, электрлік қуаттың тұтынуы өсуп кетуі мүмкін.
- Азықты қақпағы бар ыдысқа салып сақтаңыз. Бұл шара ылғалдылықта сақтап, азықтың дәмі мен нәрлігінің сақталуына септігін тигізеді.
- Желдету тесіктерін азықпен бітеп қоймаңыз. Салқын ауаның кедергісіз айналуы температураны біркелкі етіп сақтайды.
- Есікті жиі-жиі аша бермеңіз. Есікті ашқанда, ішіне жылы ауа кіріп кетіп, температураны көтереді.
- Ешқашан есіктегі қалталарға өте көп азық салмаңыз, себебі есік толығымен жабылмай қалуы мүмкін.
- Мұздатқыш камерасында шөлмектерді сақтамаңыз-олар қатып қалғанда сынып кетуі мүмкін.
- Еріп бара жатқан азықты қайта мұздатпаңыз. Азықтың дәмі мен нәрлігі жоғалады.
- Тоңазытқыштың ішінде фармацевтика өнімдерін, ғылыми-зерттеу материалдарды немесе өзге де температураға сезімтал өнімдерді сақтамаңыз.
  Тоңазытқышта қатаң температуралық режимін талап ететін өнімдерді сақтауға болмайды.
- Жаңа азықты тез мұздатқыңыз келсе, оны мұздатқыш камерасының ортаңғы тартпасына салып, Жылдам мұздатқыш пернесін басыңыз.
- Бұйымда ауа айналымы дұрыс болғанын қамтамасыз ету үшін мұздатқыш бөлімінің тартпалары дайым енгізілуі тұруы қажет.

Энергияны үнемдеудің ақыл-кеңесі

- Есікті ұзақ уақыт ашық қалдырмаңыз, есікті жылдам ашып жабыңыз.
- ЕТым көп тамақ салуға болмайды. Салқын ауа бос айналу үшін бос орын жеткілікті болуы тиіс.
- Мұздатқыштың температурасын тым төмендетіп жібермеңіз. Тамақты температура сенсорының алдына қоймаңыз.
  Олардан кем дегенде 5мм қашықтықты сақтау керек.
- Ыстық тамақты сақтау алдында оны салқындатыңыз. Мұздатқышқа ыстық тамақ қойылуы басқа тамақ бұзылуына және электр қуатын пайдалану жағынан қосымша шығындарға алып келуі мүмкін.
- Ауа каналдарын тамақпен тосып қоймаңыз. Салқын ауаның біркелкі айналуы мұздатқыштағы температураны бірдей сақтайды.
- Есікті жиі аша бермеңіз. Есіктің ашылуы ыстық ауаның мұздатқышқа кіріп, температураның көтерілуіне алып келуі мүмкін.
- Өндірушімен берілген кәрзеңкелер, тартпалар (Тоңазытқыш), сөрелер және сымды сөрелер сияқты ішкі бөлшектердің күйін сақтау қуатты сақтау үшін ең тиімді әдіс болып есептеледі.

Жалпы мәліметтер

ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ

Орташа мерзімді демалыс кезінде тоңазытқышты қосулы күйінде қалдырып кетуді жөн көруіңіз мүмкін. Ұзағырақ сақталуы үшін мұздатылатын заттарды мұздатқышқа салыңыз.Ұзақ уақытқа басқа бір жаққа кетуді жоспарлаған жағдайда барлық азық-түліктерді шығарып алып, қорек сымын ажыратыңыз, ішкі жағын мұқият тазалап, иіс түзілуінің алдын алу үшін әрбір есікті АШЫҚ күйінде қалдырыңыз.

Қуат іркілісі

- Қуаттың 1-2 сағат іркілісі азық қорына әсер етпейді. Есікті жөнсіз жиі-жиі ашып жаба бермеңіз.

Егер көшсеңіз

- Екі камералы тоңазытқыштан азықты шығарып, барлық бос заттарды таспамен бекітіңіз.
- Екі камералы тоңазытқышты жылжытар алдында түзету бұрамаларын тірелгенше бұраңыз. Өйтпесе, бұрамасы еденге сызат түсіруі мүмкін немесе тоңазытқыш орнынан қозғалмауы мүмкін.

Конденсатқа қарсы түтік

- Тоңазытқыштың және мұздату бөлімінің алдыңғы жағында және салқындату бөлімі мен мұздату бөлімінің арасындағы бөлімде орнатылған антиконденсатты түтік су жиналуының алдын алады.



- Әсіресе орнатқаннан кейін немесе қоршаған орта температурасы жоғары болғанда, екі камералы тоңазытқыш терлеп кетуі мүмкін. Оған мазасызданбаңыз.

Есіктерді кері ілу (қосымша)

- Екі камералы тоңазытқышыңыз асүйіңіздің дизайынына қарай есіктерді оң немесе сол жағынан ашу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін есіктері кері ілінбелі етіліп құрастырылған.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Дегенмен, есіктерді ауыстыруды қалаған жағдайда, қызмет көрсету агентіне қоңырау шалуыңыз қажет.
Есіктерді ауыстыру кепілдікпен қамтылмаған.

Тазалау

Тазалау алдында

Кез келген сыртқы бетті немесе қақпақтарды тазалау не шаңсорғышпен тазартудың алдында қуатты өшіріңіз.

Сырты

Екі камералы тоңазытқыштың сыртын ыстық суға немесе сұйық тазартқышқа малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
Тазартқышты пайдаланғанда, оның ізін қалдырмай құрғақ таза шүберекпен сүртіп тастаңыз.

Іші

Төбедегімен бірдей.

Тазалағаннан кейін

Қуат сымының зақымдалмағанын, қуат шанышқысының қызып кетпегенін және оның қуат көзіне тығыз тығылғанын тексеріңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сумен жуғаннан кейін қондырғыны құрғақ шүберекпен сүртіп құрғатыңыз.
Екі камералы тоңазытқыштың бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін абразивтерді, керосинді, бензинді, еріткіштерді, тұз қышқылын, қайнап тұрған суды, қылы қатты ысқышты және т.б. пайдланбаңыз.

Тамшылау науасы

Таза шүберекпен есік пен тамшы ыдыстың айналасындағы ылғалды сүртіп тастаңыз.

Сыртқы мөлшерлеуіш

Мөлшерлеуіштегі және мөлшерлеуіш науасындағы ылғалдықты шүберекпен сүртіңіз.

Су ыдысының қақпағын су ыдысынан ажырату.

- Су ыдысын есіктен алыңыз.
  Босату тұтқасын көтеріңіз және ыдыстың қақпағындағы 2 бүйірлік қысқышты босатыңыз.
- Су ыдысын тоңазытқыштан алғаннан кейін, оны нейтрал тазалау құралдары көмегімен жууға болады.Қайта орнату және қайта толтырудың алдында мұқият шайыңыз.

Су ыдысын және толтыру қақпағын тазалау

Су ыдысының қақпағы мен толтыру қақпағын су ыдысынан алғаннан кейін, жүйелі түрде тазалап отыру қажет.Толтыру қақпағының ойылған бөлігін тазалау үшін, тіс щеткасы сияқты кішкентай қылшақты пайдалануға болады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Су ыдысын толтыру саңылауы арқылы толтырмас бұрын, су ыдысының қақпағы су ыдысына берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

SMART DIAGNOSIS

Тоңазытқышыңызда кез келген мәселелер орын алса, оның телефон арқылы LG қызмет көрсету орталығына дерек тасымалдау мүмкіндігі бар. Бұл біздің оқытылған мамандарымызға тікелей хабарласуға мүмкіндік береді. Маман құрылғыңыздан жіберілген деректі жазып алады да, оны мәселені талдау үшін пайдаланып, жылдам және тиімді диагностикамен қамтамасыз етеді.

Егер тоңазытқышыңызда мәселелер туындаса, LG тұтынушыларына арналған ақпараттық байланыс орталығының нөміріне қоңырау шалыңыз. Smart Diagnosis функциясын тек LG байланыс орталығының агентімен нұсқау берілген кезде пайдаланыңыз.Естілетін хабар тарату дыбыстары қалыпты және факс машинасымен бірдей болып табылады.

Тоңазытқышыңыз желіге қосылмаған болса, Smart Diagnosis іске қосу мүмкін емес.
Егер тоңазытқышты іске қосу мүмкін болмаса, ақаулықтарды Smart Diagnosis функциясының көмегінсіз жою керек.

Smart Diagnosis пайдалану

Алдымен LG тұтынушыларына арналған ақпараттық байланыс орталығының нөміріне қоңырау шалыңыз. Smart Diagnosis функциясын тек LG байланыс орталығының агентімен нұсқау берілген кезде пайдаланыңыз.

1. Тоңазытқыштың есігін жабыңыз.
2. Дисплейді құлыптау (5 минут бойы қорғау алгоритмін сақтау) түймесін 3 секундқа орнатыңыз.

- Құлыптан босату күйінің жағдайында.




- Құлыптау күйінің жағдайында.



3. ‘Freezer’ (Мұздатқыш) түймесін 3 секундтан артық басып, ұстап тұрыңыз.






Ол “3” санын көрсетеді, басқа жарық диодты шамдар ӨШЕДІ.

Ескертпе

Есікті жабудан кейін 5 минут өткен соң, бұл опция өшеді және дисплей қалыпты күйге оралады.

4. Тоңазытқыштың есігін ашыңыз.
5. Оператордың нұсқауларын орындай отырып, телефонның микрофонын <<SmartDiagnosis>> белгішесіне жақын ұстаңыз



6. Телефонды деректерді жіберу аяқталу дыбысы тоқтағанша ұстаңыз.
7. Тоналдық жіберу аяқталғанша телефонды сол жерде ұстаңыз. Бұл шамасында 3~6 секунд уақыт алады. Әңгімеңізді ол сізге содан соң талдауға жіберілген ақпаратты пайдалануға көмектесетін маманмен қорытыңыз.

Ескертпе

- Үздік нәтижелерге жету үшін дыбыстар таратылған барысында телефонды жылжытпаңыз.
- Егер байланыс орталығының агенті мәліметтің дәл жазбасын ала алмаса, әрекетті қайталауға сұрау берілуі мүмкін.
- Аймақ бойынша қоңырау сапасының айырмашылықтары функцияға әсер етуі мүмкін.
- Қызметтің жоғарырақ сапасына апаратын жақсырақ байланыс өнімділігіне жету үшін үй телефонын пайдаланыңыз.
- Нашар қоңырау сапасы телефоннан құрылғыға деректің нашар жіберілуіне әкеліп, Smart Diagnosis функциясының дұрыс жұмыс істемеуіне апарып соғуы мүмкін.

Жәрдем шақырар алдында мына тізімді тексеріңіз.
Бұл уақытыңыз бен шығындарыңызды үнемдеуі мүмкін.
Бұ тізімде осы құрылғыдағы ақаулы сипаттамаларының немесе материалдарының нәтижесінде болмайтын жалпы жағдайлар сипатталынады.

Проблема	Ықтимал себептері
Екі камералы тоңазытқыш істемей тұр	• Қуат шанышқысы қуат көзінен ажырап тұруы мүмкін. Оны бекітіп қосыңыз. • Үй сақтандырғышы күйіп кетті немесе тізбек ажыратқышы іске қосылды. Сақтандырғышты тексеріңіз және/немесе ауыстырыңыз және де тізбек ажыратқышын қайта орнатыңыз. • Қуат іркілісі. Үй шамдарын тексеріңіз.
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш температурсы тым төмен	• Температура регуляторы тиісті мағынаға орнатылмаған. Температура регуляторы жөніндегі бөлімге жүгініңіз. • Қондырғы жылы көзіне тым жақын орнатылды. • Жылы ауа райы- есігі жиі-жиі ашылады. • Есігі ұзақ уақыт бойы ашық қалады. • Мұздатқыш камерасында орама есіктің жабылуына кедергі болып тұр немесе желдету тесігін бітеп тұр.
Вибрация немесе дүрілдеу немесе ерсі шулар	• Екі камералы тоңазытқыш орнатылған еден тегіс болмауы мүмкін немесе екі камералы тоңазытқыш тұрақсыз болуы мүмкін. Түзету бұраманы бұрап жөнге келтіріңіз. • Екі камералы тоңазытқыштың артына керексіз заттар қойылған.
Мұздатылған азықта қыраудың немесе мұз кристаллдарының пайда болуы	• Мүмкін тесік сәл ашылып қалғанды немесе орама есіктің жабылуына кедергі болып тұруы мүмкін. • Есік тым жиі немесе тым ұзақ уақытқа ашылады. • Ораманың ішіндегі қырау ештең етпейді.
Корпустың бетінде ылғалдың пайда болуы	• Бұл қбылыс ылғал жерде орын алуы әбден мүмкін. Құрғақ орамалмен сүртіп тастаңыз.
Ішінде ылғал жиналады	• Есік тым жиі немесе тым ұзақ уақытқа ашылады. • Ауа-райы ылғал болғанда, есік ашық тұрғанда ауа тоңазытқыштың ішіне ылғал айдайды.
Тоңазытқыштың ішінде иіс бар	• Қатты иісі бар азықты иісі шықпайтындай етіп жабу керек немесе орау керек. • Азықтың бұзылған-бұзылмағанын тексеріңіз. • Ішін тазалау керек. Тазалау жөніндегі бөлімге жүгініңіз.

Ескі дұрыс жабылмайды	• **Азық орамасы есіктің жабылуына кедергі болып тұр.** Есіктің жабылуына кедергі болып тұрған орамаларды жылжытыңыз. • **Екі камералы тоңазытқыш түзетілмеген.** Түзету бұрамаларын бұраңыз. • **Екі камералы тоңазытқыш орнатылған еден тегіс болмауы мүмкін немесе екі камералы тоңазытқыш тұрақсыз болуы мүмкін.** Алдыңғы жағын түзеті бұрамалары арқылы сәл көтеріңіз.
Ішкішамы жанбайды	• **Электрлік қуаттың болмауы.** • **Лампочканы ауыстырғыңыз келсе, қызметтік маманмен хабарласуыңыз қажет.**
Су таратылмайды	• **Бактағы су дәрежесін төмендету** үшін су багін 2.3**л** аса сумен толтырыңыз



Ескі лондырғыкык зкделініп-жойылу тәртібі

1. Барлық электрлі және электронды өнімдер үкімет немесе жергілікті органдар тағайындаған қоқыс жинау орталықтар арқылы тұрмыстық қоқыстан бөлек өңделініп-жойылады.
2. Ескі қондырғыңыздың дұрыс өңделініп-жойылынуы қоршаған орта мен адам денсаулығына деген ықтимал зиян әсердің бетін алуға септігін тигізеді.
3. Өңдеп-жою жөніндегі толық мәліметтерді алу үшін қала әкімшілігімен, қоқыс өңдеу орталығымен немесе бұйымды сатқан дүкенмен байланысыңыз.

Є нормальним…

Наступні ситуації є нормальними.

	Ситуація	Пояснення
Шум	Якщо чути стукіт "Tak" або "Took"	Цей звук супроводжує розширення/скорочення різних деталей або роботу керівних пристроїв при зміні температурного режиму в холодильнику.
	Якщо чути гурчання, деренчання або гудіння "Deureureuk~", "Dulkuk" або "Woong"	Це звук компресора або вентилятора на початку або наприкінці роботи холодильника.Цей звук аналогічний звуку, що виникає при вмиканні і вимиканні двигуна автомобіля.
	Якщо чути звук води, що тече, або булькіт стукіт "Kureureuk"	Це звук, що супроводжує зміну стану холодоагенту в холодильному/морозильному відділенні. Коли рідина перетворюється на газ, буде чути звук води, що тече, а коли газ перетворюється на рідину, буде чути булькіт "Kureureuk".
	Якщо одразу після зачинення дверцят чути шипіння повітря "Shoo~" або "Shik"	Цей звук утворюється при короткочасному зниженні внутрішнього тиску внаслідок швидкого охолодження теплого повітря, що потрапляє всередину холодильного або морозильного відділення через відкриті дверцята.
	Якщо чути вібруючий звук	Якщо холодильник установлений на дерев'яній підлозі або на дерев'яній панелі, або якщо холодильник не вирівняний належним чином, може виникати досить гучний шум від вібрації.
	Якщо чути сильний шум при першому ввімкненні холодильника	При першому ввімкненні холодильника він працюватиме в прискореному режимі для швидкого охолодження, внаслідок чого він може шуміти більше, ніж звичайно. Коли внутрішня температура впаде нижче певної величини, шум ослабне.
Відкриті дверцята	Якщо дверцята злегка відчиняються після зачинення	Якщо дверцята холодильного або морозильного відділення закрити швидко або із зусиллям, вони можуть злегка відчинитися, після чого будуть зачинені. Зачиняйте дверцята обережно, не застосовуючи надмірних зусиль.
Обледеніння/ Конденсат	Якщо на внутрішніх або зовнішніх стінках холодильника утворюється лід або конденсат	При потраплянні повітря ззовні на охолоджені внутрішні поверхні холодильника може утворюватися лід/конденсат. Особливо це трапляється при частому відкриванні/закриванні дверцят холодильника. Крім того, конденсат може утворюватися на зовнішніх поверхнях холодильника, якщо він установлений у приміщенні з високою вологістю, під час дощового сезону або в дощовий день.Це є природним явищем, що виникає у вологу погоду. Витріть краплі вологи сухою тканиною.
Температура	Якщо передня сторона холодильника нагрілася	По периметру передньої частини холодильника та на перегородці, що розділяє холодильне і морозильне відділення, установлені теплові трубки для запобігання утворенню конденсату.Холодильник може трохи нагріватися одразу після установки або під час спекотного літа, проте це не є несправністю і приводом для занепокоєння.



LG Customer Information Center

8-800-200-7676	**Россия**
0-800-303-000	**Украина**
8-8000-805-805	**Казахстан**
2255	**Казахстан с мобильного GSM**
8-820-0071-1111	**Беларусь**
8-0200-201	**Латвия**
8-800-08-081	**Литва**
800-9990	**Эстония**
800-0071-0005	**Узбекистан & Кыргызстан**

Register your product Online!

www.lg.com

Импортер в Российской Федерации:
ООО «ЛГ Электроникс РУС»
143160, Российская Федерация,
Московская область, Рузский район,
сельское поселение Дороховское,
86 км Минского шоссе, д.9

Китай, Цзянь Су, провинция Тайджоу, район Хай Линг, шоссе Янг Бин 12